



Біздің студентіміз Қасымбек Арайлым Астана қаласындағы өткен Республикалық «WorldSkills Kazakhstan 2025» кәсіби шеберлік чемпионатында «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша «Үздік маман» медальонымен оралды!



«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Талдықорған жоғары медициналық колледжі ұйымдастыруымен Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай үш тілді жетік меңгерген жастар арасындағы «Тіл шебері - 2025» қалалық байқауы өтті.

Байқауға келген колледж білімгерлері жақсы белсенділік танытып, өнерлерін ортаға салды. Байқау қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар анықталып арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Байқауда «Zhansugurov college» -1 орынға иеленді.



Жетісу облысының колледж студенттері арасындағы «Кәсіпкерлікті қолдау: Smart экономика» облыстық интеллектуалдық байқауында жоғары нәтижелерге қол жеткізген «Zhansugurov College» командаларын шын жүректен құттықтаймыз!

«IQ Smart Qyzdar» командасы — II дәрежелі диплом

«Bizupr» командасы — III дәрежелі диплом

Бұл жетістік — қатысушылардың еңбегі мен талпынысының, шығармашылығы мен ынтымақтастығының нәтижесі.

Арнайы алғысымызды командалардың жетекшілері, арнайы пәндер оқытушылары Уклинова Каршыга Едиловна мен Бағдатқызы Айданаға білдіреміз! Сіздердің қолдауларыңыз бен бағыт-бағдарыңыз студенттердің үлкен жеңістерге жетуіне негіз болды.



«Taldyqorgan Jastary» филиалы ұйымдастырған «Жаңа Қазақстан – жаңа ойлау» атты интеллектуалды ойында белсенділік танытып, жастардың ой-өрісін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Zhansugurov College-дің «Құқықтану» мамандығының студенттері – Нұрдаулет Айназ, Салимжанова Жансая және Болатбекова Дарина I орынмен марапатталды.
Жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтаймыз!



17 қараша – Халықаралық студенттер күні қарсаңында «Zhansugurov College» студенттері Жапкен Нұрайжан Ерболқызы мен Ахметжанов Самат «Jetisy jastary» ұйымының Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл марапат студенттің білім мен қоғамдық өмірдегі белсенділігі, жауапкершілігі және көшбасшылық қасиеттерін танытқаны үшін берілді. Колледжіміздің атын абыроймен шығарып жүрген белсенді студенттерімізге ризашылығымызды білдіреміз. Жетістіктеріңіз мол болсын!
«Zhansugurov College» – жас ұрпақтың жарқын болашағы!